

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі қайта бағалау ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан жүргізілген мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерге байланысты түзету жұмыстары жүргізілді.

2026 жылдың 15 қаңтарында өткізілген педагогикалық кеңесте мектеп ұжымына мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктер мен ескертулер таныстырылды. Кемшіліктерге жол берген мектеп қызметкерлеріне шара қолданылып, аталған кемшіліктерді жоюға бағытталған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Анықталған кемшіліктер және түзету шаралары

- 1. Мектептің құжаттары толық ұсынылмаған. Мектептің ғимаратының жерді пайдалану актісі, техникалық төлқұжаты, БСН ұсынылмаған.**
Мектептің техникалық құжаты, БСН, ғимараттың жерді пайдалану актісі ұсынылды.
- 2. Web – сайтқа мемлекеттік аттестаттау бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысы жүктелмеген.**
Мектепте Web – сайт болмағандықтан өзін-өзі бағалау қорытындысы жүктелмеген болатын. Мектепке жаңа Web – сайт ашылды. Өзін-өзі қайта бағалау қорытындысы жүктелінді.
- 3. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сыныпқа (Тілдік норма), 11 сыныпқа (Сөз мәдениеті) тақырыбындағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы элективті курстар берілген.**
Алдағы оқу жылында айтылған ескерту бойынша элективті курстар жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша беру қажеттілігі жөнінде оқу ісі жөніндегі орынбасарына айтылды. Көрсетілген кемшілік бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Омароваға сөгіс берілді.
- 4. 2023-2024 оқу жылында сынып журналдары ұсынылмады. 2024-2025 оқу жылында 7 «Б», 9 «Б» сыныптарының ғана сынып журналдары ұсынылған. Ұсынылған құжаттар бойынша «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы жүргізілмегені анықталды.**
Ұсынылмаған 2023-2024 оқу жылының сынып журналдары жүктелінді. 2024-2025 оқу жылының ұсынылмаған журналдары да салынды. Осы оқу жылындағы көрсетілген кемшіліктер бойынша жауапты пән мұғалімдеріне тәртіптік шара қолданылды.
- 5. 2023-2024 оқу жылында 5-8 сыныптарда білім алушылардың ұйымдастырып жүргізу ақпарат ұсынылмаған. Сынып журналдарының көшірмелері ұсынылмаған. 2024-2025 оқу**

жылында 7 «Б» сыныбында сынып сағатында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сағаттары кіріктірілмеген. 2025-2026 оқу жылында 8 «Б» сыныбында сынып сағатында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сағаттары кіріктірілмеген.

2023-2024 оқу жылындағы, 2024-2025 оқу жылындағы сынып журналындағы кемшіліктер бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары мен жауапты пән мұғалімдерге тәртіптік шара қолданылды. 2025-2026 оқу жылындағы 8 «Б» сыныптағы сынып сағатына «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы кіріктірілді.

- 6. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген 1,2,5,6,8 қосымшалары толтырылмаған.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген 1, 2, 6, 8 қосымшалар толтырылды. 5 қосымшада Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер көрсетілген. Алайда Арнаулы мектепке ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар қабылданбайды. Арнаулы мектепке Сот шешімімен, толық медициналық сараптамадан өткен, денсаулығында ешқандай кемшіліктері жоқ тәрбиеленушілер қабылданады. 5 қосымшаны Арнаулы мектеп үшін толтыру міндетті емес деп санаймыз. Мектепте пандус орналастырылмаған, алайда Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына пандус орнату туралы сұраныс хаттар жіберілді. Мектепке кіру баспалдағының жанына пандус орнатылды.

- 7. «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыстық оқу жоспарына сәйкес дене шынықтыру сабағы жүргізіледі. Алайда спорт зал қарастырылмаған.**

«Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тренажер зал (64,7 кв.м) және далада спорт алаңы (448 м.кв) бар. Мектепте әр сыныпта 5-6, 7-8 баладан бар. Қыс айларында тренажерда дене шынықтыруды өткізуге мүмкіндік бар. Алайда көрсетілген кемшілік бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына спорт зал салу туралы сұраныс хаттар жіберілді.

- 8. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келісімшарт негізінде өнім беруші туралы ақпарат ұсынылмаған. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды №125, 06.10.2023 жылы берілген деп көрсетілген. Көшірме ұсынылмаған, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің асханасына берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды ұсынылмаған.**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі келісімшарт негізінде өнім беруші туралы ақпарат ұсынылмаған болатын. Қазіргі тағда өнім берушілердің келісімшарттары жүктелінді. «Тараз VIP сервис» ЖШС нан өнім беруші, «Шалқаров Б.К.» ЖШС сүт өнімдерін беруші, КХ «Ақма-Тараз» ет өнім беруші, «Аяна и К» ЖСШ тамақ шикі өнім беруші. №125 06.10.2023 жылы берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы емес санитарлық-эпидемиологиялық профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы ұсыным көшірмесі болатын. Көшірме ұсынылды. «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің асханасына берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы 05.04.2016 ж № Н.11.Х.К257VBS00025395 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыда көрсетілген. Қорытынды көшірмесі ұсынылды.

- 9. «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 35 білім алушы, 25 төсек бар. Жатақханадағы білім алушылар саны мен төсек орнының саны сәйкес келмейді.**

«Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жатақханасында 27 екі қабатты төсек қойылған, яғни 54 тәрбиеленушіге орын бар. Төсек орны жеткілікті. Алдыңғы мәлімдемеде төсек екі қабатты екені көрсетілмей кеткен болатын.

- 10. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының журналы ұсынылмағандықтан емтихан хаттамаларындағы бағаның журналмен сәйкестігі қаралмады. 2024-2025 оқу жылында 11 сыныпта (қазақ) алгебра және анализ бастамалары және Қазақстан тарихы пәндерінің хаттамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес келмейді.**

2023-2024, 2024-2025 оқу жылының журналдары ұсынылмай қалған болатын. Ұсынылмаған оқу журналдары қайта жүктелінді. Алдағы оқу жылында хаттамалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 3-қосымшасы негізге алынып жасалады. Аталған кемшіліктер бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары мен пән мұғалімдеріне ескертулер айтылып, тәртіптік жаза берілді.

11. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар туралы ақпарат және мектеп бұйрығы ұсынылмаған.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар туралы ақпарат және демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар туралы ақпарат және мектеп бұйрығы жүктелмей қалып қойған. Қазіргі таңда бұйрықтар ұсынылып, жүктелінді.

12. 2025-2026 оқу жылғы сынып журналдары тексерілді. 8 «Б» сынып физика пәнінен сабақ тақырыптары жазылмаған. 9 «Б» қазақ тілі пәнінен тізімде 3 оқушы тіркелген (Житняков Николай тізімде жоқ), Дене шынықтыру пәні бойынша қыркүйек, қазан айларының сынып журналы ұсынылмаған. 11 «А» орыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, биология, информатика, геометрия пәндерінде журналда сабақтардың тақырыбы толтырылмаған.

2025-2026 оқу жылындағы сынып журнал толтыруда жіберілген кемшіліктердің себептері анықталып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді, кемшіліктер түзетілді. Пән мұғалімдеріне тәртіптік жаза (ескерту, сөгіс) берілді. 9 «Б» сынып қазақ тілі пәнінен тізімде 3 оқушы тіркелген, Н.Житняков тізімде жоқ деп көрсетілген. Алайда Н.Житняков сот шешімі бойынша мерзімі 28.10.2025 ж аяқталған. Сол себепті Н.Житняковтың мерзімінің аяқталуына байланысты журналдың келесі бетіне жазылмаған.

13. Домендік атау мәліметі ұсынылмаған.

«Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мекеме директорының атымен Домендік атауда интернет желісі орнатылды. Домендік атауы: specialschool-zhambyl.kz

14. Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында мұғалімдерінен сауалнама алынбаған.

«Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұғалімдерінен сауалнама алынып, жүктелінді.

Аталған кемшіліктер бойынша мектеп ұжымына түсіндіру жұмыстары жүргізілді, нормативтік құжаттарға сәйкес түзетулер енгізіліп, жұмыстар толық көлемде аяқталды. Жаңа оқу жылында бұл кемшіліктердің қайталанбауы назарға алынады.